**Автор**: Тойшыбекова Шакиза Бекмаганбеткызы
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер
**Тақырып**: Жасуша әлеміне саяхат

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушы: • Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша моделін әзірлеу, суретін салу, қима қағаздардан түрлі-түсті құрастыру; |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар жасуша компоненттерінің ерекшеліктерін модельді пайдаланып, ауызша түсіндіре алады.<br>Пәндік лексика және терминология: Ядро, цитоплазма, жасуша мембранасы, жасуша қабырғасы<br>Айтылымға қажетті сөз тіркестері: Жасуша мембранасы ...<br>Жасуша қабырғасы ... , ... Цитоплазма ... , ... Ядро ...,<br>Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane |
| Бағалау критерийлері: | Құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша компоненттері моделін жасайды немесе суретін салады, қима жасап құрастырады; Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен қызметтерін салыстырады; |
| Құндылықтарды дарыту: | Сабақ сыйластықты, ынтымақтастықты, дарытуға бағытталған. Құндылықтарды жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыстарды орындау барысында өзгенің ойын тыңдауға,сыйлауға, ақыл қосуға үйренеді. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интербелсенді тақта, жасушаның құрамбөліктері слаид, бейнеролик |
| Пәнаралық байланыс: | Химия, дүниетану, география. |
| Бастапқы білім: | Табиғаттағы заттардың бір түрден екінші түрге химиялық жолмен өзгеруі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 мин) | 1. «Ой шақыру.» Өткенді қайталау арқылы бастапқы білімді жаңғырту. Оқушылар ұжымдық жұмыс барысында сұрақтарға жауап береді.<br>1. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруін не дейміз?<br>2. Химиялық реакциялардың белгілері: иіс пайда болады, тұнба болады, газ бөлінеді, түсі өзгереді, жылу бөлінеді, тұнба ериді.<br>Сөзжұмбақ. (Шешу арқылы жаңа тақырыптың атын табамыз)<br>1. Ағаштың бастапқы қалпынан басқа түрге өзгеруі үшін не істейміз? Ж ағамыз.<br>2. Жанғанда не бөлінеді? Газ.<br>3. Жанғанда не пайда болады? Иіс.<br>4. Жанғанда не бөлінеді? Жылу.<br>5. Жанып жатқан кезде ауа, оттегі жетіспесе от не істейді? Өшеді.<br>6. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруі барысында не пайда болады? Жаңа зат немесе химиялық реакция. «Жасуша» сөзі шығады.<br>Жаңа сабағымыздың тақырыбы «Жасуша әлеміне саяхат» , «Жасуша компононттері.» | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(6-35) | І. Жаңа сабақтың жаңа сөздерін қайталаймыз.<br>Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane ІІ. Оқулықпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс. «Оқы, жаз, есіңде сақта» әдісі.<br>І-топ. Мәтінді оқиды, мазмұндайды.<br>Дескрипторлар:<br>1.Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен танысып, мазмұндайды.<br>2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін түсіндіреді.<br>ІІ-топ. Жаңа сөздердің мағынасын ашады, постер толтырады.<br>Дескрипторлар:<br>1. Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен құрылысы қызметтерін салыстырады.<br>2.Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін анықтайды.<br>3. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін суреттеп, тірек сызбалар арқылы түсіндіреді.<br>ІІІ-топ. Сұрақтар құрастырады.<br>Дескрипторлар:<br>1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен кезеңдерін талдап, сұрақтар құрастырады.<br>2. Сұрақтардың нақты, қысқа, нұсқа құрастырылуына мән береді.<br>3. Білім алушылардың дұрыс жауабын салыстырып бағалайды.<br>ІV-топ. Тест құрастырады.<br>Дескрипторлар:<br>1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен, қызметін анықтап, 3 жауаптық тест құрастырады.<br>2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін есте сақтайды. | слаидта  сөздіктер, дескрипторлар көрсетіледі. Түрлі-түсті қағаздар, ермексаз, маркерлер, постер плакаттар. |
| Сабақтың соңы<br>(3 мин) | Топтар бір –бірін бағалайды. Бас бармақпен, геометриялық фигуралармен.<br>Кері байланыс, қима қағазға жазады.<br>Аты- жөні  - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін білдім , суреттен көрсете аламын. - Жасуша компоненттерінің құрылысын анықтадым.<br>- Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін сипаттап, түсіндіріп бере аламын.<br>- Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерінің маңызын есте сақтаймын. | Түрлі-түсті фигуралар. |
| Рефлексия<br>(2 мин) | <br>Рефлексия.«Табыс ағашы»<br>Жасыл жапырақ – түсінікті болды, табысқа жеттім.<br>Сары жапырақ – сұрақтарым бар, толық табысқа жеткен жоқпын.<br>Қызыл жапырақ – қиналдым, табысқа жету үшін тағы қайталауым керек. | стикерлер. |